

АСТЫҚТЫ КОНТЕЙНЕРЛІК ТАСЫМАЛДАУ – МАРШРУТ БОЙЫНША ҚАЙТА ТИЕУ ЖӘНЕ АРАЛЫҚ ҚОЙМАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ҚАЖЕТТІЛІГІНІҢ БОЛМАУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ, ШЫҒЫНДАРДЫ АЗАЙТЫП, СОҢҒЫ АЛУШЫҒА ТАУАРДЫ ЖЕТКІЗУ УАҚЫТЫН ЕДӘУІР ҚЫСҚАРТАДЫ.



Арман СҰЛТАНОВ,
«Кедентранссервис» АҚ бас директоры



№75 (2683)
17/09/2021

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ЛОКОМОТИВТЕР ҚЫСҚА ДАЙЫН БА?

Еліміздегі локомотив пайдалану деполарында жыл сайынғы дәстүрлі күзгі комиссиялық байқау басталды. Тартымдық жылжымалы құрамдардың алдағы қатал маусымда, қалың қар, үскірік аяз бен боранды ауа-райында жұмыс істеуге дайындығын тексеру – қысқа қамданыс қамы.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Нұр-Сұлтан

– Ағымдағы жылдың 10 қыркүйегі мен 31 қазан аралығында локомотивтерге күзгі комиссиялық байқау жүргізу және оларды қыста пайдалану режиміне ауыстыру бойынша жұмыстарды уақытылы орындау мақсатында үстіміздегі жылдың 1 қыркүйегінде ГПИТ/9650 факсограммасы барлық локомотив пайдалану деполарына жіберілді. Тексеру кезінде әр локомотивтің техникалық, эстетикалық және өртке қарсы жағдайы бағаланатын болады. Тартымдық қызмет көрсететін жылжымалы құрамдардың жүйелері сенімді де мүлтіксіз жұмыс істеп тұру керек. Сондықтан толықтай тексеру, жазғы жанар-жағармайлар мен отынның қысқы түріне ауыстырылғанына талдау жүргізілетін болады, – дейді «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Локомотив шаруашылығы департаментінің менеджері Түктібай Ақынбеков.

Айтуынша, биыл күзгі комиссиялық байқаудан 1485,5 бірлік локомотив өтсе екен, соның ішінде 2ТЭ10 сериялы – 42 тепловоз, ТЭМ – 216, ЧМЭ – 51 бірлік, 2ТЭ10МК/ВК – 162 бірлік, ТЭ33А/



Ас – 332 бірлік, ТЭП33 – 32, СКД6/ТЭМ КЗ – 115 бірлік. Ал электровоздарға келсек, ВЛ80 – 391,5 бірлік, ВЛ40 – 14 бірлік, ВЛ60 рельсмайлағыш – 2 бірлік, КЗ4Ас – 25 бірлік, КЗ4Ат – 25, КЗ8А – 70 бірлік.

Күзгі комиссиялық байқау кезінде қыс маусымында пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, жұмысты ұтымды ұйымдастыра білетін локомотив бригадаларының білімдерін арттыруға айрықша назар бөлініп отыр. «Алғашқы қыстаушылар» қатал маусымда жұмыс істеу қыр-сырына үйретіліп, тәжірибелі мамандарға бекітілген. Қолдағы деректерге сүйенсек, биыл бірінші қысқа 186 машинист және 275 көмекші, яғни барлығы 461 адам шыққалы отырған көрінеді. Яғни, машинист «алғашқықыстаушы» болса, оның жанындағы машинист көмекшісі көп жыл тәжірибесі бар

маман. Ал биыл бірінші рет қатал маусымда жұмыс істеп, біліктілігін шыңдағалы отырған машинист көмекшісі автоматты түрде тәжірибелі локомотив жүргізушісінің жанына бекітіледі.

Орталық аппаратта күзгі комиссиялық байқаудың өткізілу барысын бақылауға алып, кейінірек аймақтарға тексеруге шығатын комиссия құрылған. Ел өңірлерінде ККБ комиссиясына жүк тасымалы бөлімшелерінің басшылары жетекшілік етеді. Комиссия құрамына ҚТЖ-Жүк тасымалы, Магистральдық желі бөлімшелері, ревизорлар, тағысын тағы құзырлы мамандар кіріп отыр. Күзгі комиссиялық байқау алдағы қазан айының 30-да мәресіне жетпек. Байқау нәтижесі бойынша локомотивтердің жағдайы мен олардың қыс маусымында тұрақты жұмыс істеуге дайындығын растайтын куәлік беріледі.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ДОСТАВЛЯЮТ ПО ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГЕ

В пострадавшие от засухи западные регионы страны по железной дороге доставлено 413 вагонов с прессованным сеном.

Груз отправляется со станций Атбасар, Аркалык, Шелек, Тараз, Шу, Сарыагаш, Арыс, Турксиб, Шымкент и других.

Станции назначения – Мангыстау, Узень, Шетпе, Бейнеу, Сексеули и другие. В основном сено грузится в вагоны АО «Қазтеміртранс».

С начала июля и по 14 сентября текущего года в Мангыстау доставлено 413 вагонов с прессованным сеном. В том числе в июле – 167, августе – 202 и за две недели сентября – 44.

Всего в сентябре планируется перевести 176 вагонов.

Алишур КУДАЙБЕРГЕН

КОНТЕЙНЕРЛЕР САНАҒЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Қазақстан темір жолында контейнерлер санағын жүргізу басталды. Бұл туралы ТМД мемлекеттері мен Грузия, Латвия, Литва және Эстонияның Темір жол көлігі жөніндегі кеңесінің биылғы 15 қыркүйекте өткен теміржол көлігіндегі оперативтік және статистикалық есеп әдіснамасы мәселелері жөніндегі комиссиясының 14-ші отырысында айтылып, бекітілді.



Санақ жұмысы контейнерлердің жалпы желілік заттай санағы жөніндегі нұсқаулықта белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Контейнерлер санағын сапалы дайындау мен жүргізуді және оның нәтижелерін тапсыруды қамтамасыз ету үшін санақты ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі комиссия құрылды. Оның құрамында «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас директорының міндетін атқарушы В.Петровтан бастап, аталған серіктестіктің вагон шаруашылығы департаменті, компанияның «Көп функционалды қызмет көрсету орталығы» филиалы бизнес-аналитика департаменті, «Автоматтандыру және цифрландыру дирекциясы» филиалы өкідері бар. Комиссия төрағасы барлық жерде санақ материалдарын көбейтуді, санақты жүргізуге сапалы дайындықты, контейнерлердің санақпен толық қамтылуын, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бөлімшелері бойынша санақ нәтижелері туралы ақпараттың дұрыстығын, сондай-ақ ол ақпараттардың дер кезінде тапсырылуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Жүк тасымалы бөлімшелері директорлары меншігінде кірме жолдары бар ұйымдар басшыларымен станциялардың қызметкерлерінен құрылған санақ бригадаларының жалпы пайдаланылмайтын жолдарға кіруіне рұқсат беру тәртібін дер кезінде келісуі керек. Ал станция бастықтары қыркүйектің 13-і мен 14-і аралығында санақ тізімдеріндегі контейнерлердің нөмірлері туралы деректердің дұрыстығын қамтамасыз ету үшін станциялар мен жалпы пайдаланылмайтын жолдарда, контейнерлік алаңшаларда және кірме жолдарда ұзақ уақыт бос тұрған контейнерлердің нөмірлерін алдын ала көшіріп жазуы қажет. Сонымен қатар контейнердегі және санақ тізіміндегі әр нөмірдің дұрыстығын оперативтік тексеру үшін техникалық және ақпараттық құралдардың барлық мүмкіндіктерін қолдануды қамтамасыз етуі тиіс.

Ұлан ОРАЗА

Актуально

УКОМПЛЕКТОВАННОСТЬ КАДРОВ – КЛЮЧЕВОЙ ВОПРОС

В АО «НК «ҚТЖ» в целях обеспечения безопасности движения поездов, реализации производственных планов и оперативного укомплектования штата массовых профессий с 1 августа 2021 года временно в пилотном режиме введен конкурсный отбор на региональном уровне.

Асель ШАЙХЫНОВА
Нұр-Сұлтан

Региональные и линейные подразделения филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети» (ДЖС) и ТОО «ҚТЖ-Грузовые перевозки» (ГП) самостоятельно осуществляют прием и перевод кандидатов на вакансии ведущих профессий в пределах норм сменности и с учетом подходов по социально-ответственному высвобождению персонала. В список вакансий ведущих должностей работников производственного персонала вошли: дежурный по станции/разъезду/посту; помощник составителя; составитель поездов; сигнальщик; дежурный стрелочного поста; приемодатчик груза и багажа; оператор по обработке перевозочных документов; регулировщик скорости

движения вагонов; электромонтер; электромеханик; монтер пути и другие. При этом важно, что преимущество всегда за внутренними кандидатами.

– Пилотный режим поиска и подбора кандидатов на вакантные должности ДЖС и ГП изначально был рассчитан на 2 месяца. И мы уже по прошествии полутора месяцев видим хорошие результаты. В регионах отмечается положительная динамика укомплектования рабочих смен. В целом, количество закрытых вакансий по списку разрешенных должностей за август составило 1576 человек. Штаты работников укомплектованы в более, чем на 92 %. Такая совместная работа приносит результаты. На местах, в регионах работники активно ищут среди внутренних кандидатов, – отметила HR-бизнес партнер АО «НК «ҚТЖ»

Акмарал Байгабулова на расширенной встрече под председательством заместителя Председателя Правления АО «НК «ҚТЖ» по корпоративным вопросам и HR Серика Кеулимажаева с региональными руководителями ДЖС и ГП.

Встреча была посвящена промежуточным итогам укомплектования штата, а также дальнейшим планам и ожиданиям бизнеса.

– Согласно данному совместному взаимодействию, акцент сделан на балансируемости кадровой и социальной политики. Ведь вопрос укомплектованности работниками ведущих профессий является ключевым для обеспечения безопасности движения поездов, – такую оценку совместной работе дал и.о. Председателя Правления (Генеральный директор) ТОО «ҚТЖ-Грузовые перевозки» Владимир Петров.

ПРИВЛЕЧЕНЫ К ОТВЕТСТВЕННОСТИ

В ходе расширенного совещания с участием сотрудников департамента полиции на транспорте, АО «НК «ҚТЖ» и АО «Пассажирские перевозки» озвучена статистика правонарушений.

Жаныбек КЕНЕС
Нұр-Сұлтан

По словам сотрудников департамента полиции на транспорте, с начала года свыше четырех тысяч административных правонарушений совершено в пассажирских поездах.

К административной ответственности привлечено 4298 человек, из них 218 за торговлю в неустановленных местах (ст. 204 КРКоАП), 1099 – за распитие спиртных напитков в общественных местах (ст. 440 КРКоАП), 264 человека

наказаны за курение в неустановленных местах (ст. 441 КРКоАП).

За этот же период в пассажирских поездах совершено 126 уголовных правонарушений, из которых около 70 % – кражи (ст. 188 УК РК). Полицейские отметили, что ежегодно пассажирами, употребившими алкоголь в вагонах-ресторанах, в среднем совершается до 40 различных правонарушений. В том числе, связанных с хулиганством, применением насилия в отношении представителей власти. По данным департамента полиции

на транспорте, за указанный период уже зарегистрирован ряд фактов, когда нетрезвые пассажиры нарушали покой окружающих, выражаясь нецензурной бранью, разбивали окна вагонов, курили в неустановленных местах и другое.

В ходе совещания полицейские озвучили свои предложения по решению проблем сотрудникам АО «НК «ҚТЖ» и АО «Пассажирские перевозки». Участники совещания изъявили готовность совместно устранять указанные проблемные вопросы.



Орынбасар ЖУНИСБЕКОВ,
Главный менеджер Департамента корпоративной безопасности АО «НК «ҚТЖ»:

НАША ГЛАВНАЯ ЗАДАЧА – ВВЕСТИ ОСВЕДОМЛЕННОСТЬ О КИБЕРБЕЗОПАСНОСТИ И ЕЕ СОБЛЮЖДЕНИЕ В КУЛЬТУРУ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ ОТРАСЛИ ТАКЖЕ, КАК БЕЗОПАСНОСТЬ БЫЛА ДОБАВЛЕНА В КУЛЬТУРУ ПРОИЗВОДСТВА И ТРАНСПОРТИРОВКИ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

КОМПАНИЯ БОЙЫНША ҚЫС МАУСЫМЫНДА БІРІНШІ РЕТ ЖҮМЫСҚА ТҮСКЕЛІ ОТЫРҒАН

1377

МАМАН ОҚЫТЫЛҒАН.

ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНДА ҚТТ-НЫҢ

4,8 мың

ВАГОНЫ ЖОСПАРЛЫ ЖӨНДЕУДЕН ӨТКЕН.

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ ҚТЖ-ДА

345

ЖҮЫҚ ӨНЕРТАПҚЫШТЫҚ ҰСЫНЫС ӨНДІРІСКЕ ЕНГІЗІЛГЕН.

ТАҒЫ БІР ВАГОН ҚОСЫЛДЫ**Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,**
Атырау**Атырауда Құрманғазы ауданына қатынайтын жергілікті шағын пойыз тағы бір вагонмен толықты.**

Бұдан бұрын Атырау теміржол станциясынан Құрманғазы ауданындағы Дина Нұрпейісова бекетіне дейін қатынайтын жолаушы пойызы жүргенін хабарлаған болатынбыз. Бұрын пойыз құрамында екі плацкарт, бір жалпы вагон бар еді. Бірақ, жергілікті пойызға халық сұранысы жоғары болып шықты, тұрғындардың өтінішіне сәйкес пойызға 52 орынға арналған тағы бір қосымша плацкарт вагоны тіркелді. «Қазір жолаушылар пойызында екі плацкарт пен 266 орындық екі жалпы вагон бар. Жолаушылар қатары көбейіп, қажеттілік туындаса, бесінші вагонды қосу мүмкіндігі бар», – дейді облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының бөлім басшысы Ерлан Сәрсенғалиев.

СӘЙКЕСТІГІ АНЫҚТАЛДЫ**Ұлан ОРАЗ,**
Нұр-Сұлтан**15 қыркүйекте Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінде контейнерлердің жалпы желілік заттай санағы жүргізілді.**

Өңірде санақ жүргізу үшін 65 қызметкер бөлініп, 26 бригада құрылған, оның ішінде Маңғыстау, Бейнеу, Өзен, Болашақ, Құрық порты, Шетпе, Сай-Өтес, Опорный станцияларынан – 36 адам, вагон депосынан 29 адам алынды. Бұл қызметкерлер станция басындағы контейнерлерді жазып қана қоймай, Ақтау, Құрық порттарында, контейнерлік алаңдарда, кірме жолдарда да санақ жүргізген. Нәтижесінде барлығы 318 контейнер тізімге алынып, компанияның ақпараттық жүйелеріндегі деректерге сәйкестігі анықталды.

«ҚАУІПСІЗДІК МИНУТЫ» ӨТУДЕ**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
Семей**«Өмір мен денсаулықты сақтаудың негізі – еңбек қауіпсіздігі» ұстанымы аясында семейліктері нәтижелі жұмыс жүргізіп жатыр. Семей жүк тасымалы бөлімшесі еңбекті қорғау бөлімінің қызметкерлері бастамасымен жыл басынан бері бірқатар айлықтар мен акциялар өткізіліп, желі бойындағы теміржолшылар толық қамтылған.**

Бұл орайда ақпараттандыру мен алдын алу шараларына айрықша мән берілуде. Соңғы статистикалық деректер көрсеткендей, сала қызметкерлері арасында жүрек-қан тамыр аурулары жиі тіркеледі екен. Мәселен, өткен жылы жұмыс орнында денсаулығы кенеттен сыр беру бойынша үш оқиға тіркелген. Үшеуі де жүрек ақауы, өкінішке қарай, екеуі қызмет орнында ажал құшқан. Өлімге апарып соқтырған дерт – миокард инфарктісі. Сондай-ақ, өндіріспен байланысты емес бір жарақаттану фактісі орын алған.

Бұл жайттар теміржолшылар арасындағы еңбек қауіпсіздігі, өмір мен денсаулықты сақтау бойынша атқарылатын жұмыстарды еселеп отыр. Атап айтсақ, орын алған тосын оқиғалар бойынша ұлттық компания көлемінде жоспардан тыс инструктажар өткізіліп, кесте бойынша бекітілген қауіпсіздік және еңбекті қорғау нұсқамалары қайта қаралды, – дейді бұл орайда бөлімшенің еңбекті қорғау бөлімінің мамандары.

Сонымен қатар, қазіргі таңда барлық өндірістік кеңестер кезінде «қауіпсіздік минуты» өткізіліп, тосын оқиғалар бюллетендері таратылуда. Мұның сыртында өндірістік гимнастикалар спорт нұсқаушыларының көмегімен орындалады.

Дегенмен бір бұл емес, аталмыш бөлім мамандары жұмыс орындарында өзін жайсыз сезінген қызметкерлердің қан қысымын, жүрек соғысын өлшеуді тұрақты жолға қойған. Бұл орайда дене қызуы көтерілген теміржолшылар жиі тіркеледі екен. Олар бірден оқшауланғы, басшылықтың рұқсатымен үйіне немесе бірден жедел жәрдем станциясына жіберіледі.

Шаралар нәтижесіз емес, өндірістік қауіпсіздік пен еңбекті қорғау бойынша соңғы 8 ай ішінде бірде-бір тосын оқиға орын алмаған.

*Суретті түсірген автор***Сұхбат****КІЛ КӘСІПҚОЙ МАМАНДАРМЕН МАҚТАНА АЛАМЫН...****Қазалы вагон пайдалану депосының бастығы Арғын Орымбаев ел ағасы жасына толып отыр. Бірнеше жылдан бері кәсіби жұмысымен қатар халықтың сенімін арқалап аудандық мәслихат депутаты қызметін қоса атқарып, елдің алғысын алып жүрген жомарт жүректі азаматпен сұхбаттасудың сәті түсті.****Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қазалы

– Арғын Қайырбайұлы, Қазалы депосы аймақтағы жалғыз вагон пайдалану кәсіпорны, жылжымалы құрамның қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отырған депоның тіршілігі қалай жүріп жатыр?

– Бізде вагон қараушы-жөндеушілердің үлкен мектебі қалыптасқан. Депода тек өз кәсіптерінің шеберлері жұмыс істейді деп айта аламын. Кіл кәсіпқой мамандармен мақтана аламын. Соңғы бірнеше жылда біздің тарапымыздан пойыздар қозғалысының қауіпсіздігі бірде-бір рет бұзылған жоқ. Талай аса қауіпті ақаулы вагонды жылжымалы құрамдардан ажыратып, апаттың алдын алған біздің жігіттердің осалы жоқ.

– Өрине, мақтаншыңыз орынды. Естуіміз, Қазалы вагон пайдалану депосынан 87 адам түрлі марапат иесі көрінеді. Мұндай ұжым көп емес шығар деп ойлаймын теміржолда...

– Еңбектің бағалануы, қандай да болсын марапат теміржолшының мерейін көтереді, өзіне сенімін, жұмысына деген құлшынысын арттырады. Жаңағы сіз айтқан 87 адамның екеуі құрметті теміржолшы, 16 адам «Адал еңбегі үшін», 2 адам «Үздік маман» иесі, 5 «Кәсіби бойынша үздік», 39 «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін» төсбелгісінің иегері бар және 22 адам «КТЖ» компаниясы басшылығының алғыс хатын

алған. Одан да басқа бөлімше басшылығы мен кәсіподақтың, жергілікті атқарушы органның марапаттарына ие болған жұмысшы-қызметкерлер баршылық. Теміржолшы еңбегінің тиісті деңгейде бағалануы – ең алдымен өз абыройымыз, тоқсанға жуық марапат, міне, біздің еңбегіміздің бағалау шкаласы.

– Жалпы, депо тарихы сонау патшалық рессейдің кезінде салынған емес пе, көненің көзі дейтін жәдігерлер қалған ба?

– Иә, 1901 жылдың мамыр айының 10 жұлдызында құрылысы басталған Орынбор-Ташкент темір жолы 1904 жылдың қаңтарында пайдалануға берілген. 1905 жылы Қазалы паровоз депосы іске қосылып, оның құрамында вагон жөндеу цехы жұмыс жасап, 1928 жылы ол дербес учаске болып бөлініп шыққан екен. Қазалы вагон депосының тарихы осылай басталады. Ғасырға жуық уақыт ішінде қалыптасқан, өзіңдік қолтанбасы бар, кадрлар ұстаханасына айналған кәсіпорын теміржолдағы қайта құрылымдауға байланысты 1999 жылы №6 Қазалы вагон пайдалану депосы болып құрылды. Содан бері аймақтағы жалғыз вагон депосы ретінде бөлімше бойынша вагондар қауіпсіздігіне қызмет етіп келеміз.

– Уақыт ағымына сай жаңау-жаңғыру шаралары қалай, қол еңбегі азайып, вагоншылар техника жетістіктерін көріп

жатқан болар?

– Қазалы вагон пайдалану депосының қызмет көрсету ауқымы – Түркістан-Сексеуіл-Қоскөл станциялары аралығын құрайтын 950 шақырым. Осы аралықта вагондарға техникалық бақылау жасау, табылған ақауларға байланысты ағытылған вагондарға ағымдық жөндеу жүргізу, жүк вагондарына жүк тиеу-түсіруге дайындық, тағысын тағы, сайып келгенде пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Қазалы, Жосалы және Қызылорда станцияларында тежегіштерді жедел зарядтау және сынау қондырғылары (Узот-Р) салынып іске қосылған. Сексеуіл станциясында да Узот қондырғысы бар. Вагондарға ағымдағы жөндеудің сапасын арттыру үшін Қызылорда, Шиелі станцияларында БКУ типті компрессор қондырғылары жұмыс істеуде. Барлық техникалық қызмет көрсету мен бақылау бекеттерінде вагонның магистральдық құбырында ақау анықталғанда, техникалық қызмет көрсету бекетіне дейін қозғалыс қауіпсіздігін сақтай отырып жеткізу үшін ұзындығы 20 метрлік жоғары қысымды жалғағыш жемдерін пайдалану өндірілді. Бекеттердегі техникалық оқыту бөлмелері тежегіш құрылымдарын оқыту-үйрету тренажерлармен жабдықталған. Сонымен қатар Қызылорда, Қазалы станцияларында 2012 жылдан бастап

барлық бақылау бекеттеріндегі ПОНАБ, ДИСК құрылғылары «ақылды құрылғы» КТСТ-02 қондырғыларымен ауыстырылып, қауіпсіздіктің сақталуына жұмыс жасап келеді. 2014 жылдан бастап Сексеуіл-Жезқазған жаңа теміржолының қолданысқа берілуімен Қазалы вагон пайдалану депосына Сексеуіл-Қоскөл тегі аралығы қосылды. Соған орай, яғни кепілдік иінінің ұзаруына байланысты бес бақылау бекеті жаңадан ашылып, 36 адам тұрақты жұмыспен қамтамасыз етілді. Бұл тегімен жоллаушы тасымалымен қатар Батыс Еуропа елдері мен Шығыс Азияның арасында жалғаған контейнерлік жүк пойыздары ұйымдастырылып, біз олардың қауіпсіз қозғалысына қызмет көрсетудеміз. Жалпы, баяғыдай емес, бүгінде вагондарға қызмет көрсетуде техникалық мүмкіндік әлдеқайда артқан, оның игілігін вагоншылар көріп жатыр.

– Теміржолшы атакәсібіңіз бе?

– Солай десе де болады. Әкеміз Қайырбай өз заманында үздік жолшы атанған жан еді. Сол кісінің тәлім-тәрбиесі біздерді де болат жолдан алыстатпады. Бүгінде әулеттен біршама адам бармыз атакәсіпті жалғастырып жатқан...

– Өңімеңізге рахмет, мерейлі 60 жасіңізбен құттықтап, жеміс еңбегіңізді жалғаса берсін деп тілек білдіреміз!

*Суретті түсірген автор***ҮНЕМДЕГЕН ҰТАДЫ**

СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

Қазіргідей пандемия уақытында кез келген өндіріс орны шығынын азайтып, табысын арттыруды көздейді. Мысалы, жыл басынан бері Арыс станциясы электр энергиясының шығынын айтарлықтай үнемдеген.**Жансая СЫДЫҚБАЙ,**
Арыс

Станцияның бас инженері М.Мырзахметов ай сайын станция қызметкерлерінің жұмыс барысында энергетикалық ресурстарды ұтымды пайдалануына бақылау жүргізілетінін жеткізді. «Өндірістік-техникалық қажеттіліктерге электр энергиясын жұмсау жоспарына сәйкес 2021 жылдың жеті айында жоспар бойынша 301879 кВт сағат бекітілген, оның нақты жұмсалғаны 127263 кВт-сағат, бұл ретте үнемдеу 171615 кВт-сағатты құрады. Станция ішінде айында 35188 кВт-сағат қарастырылған энергияның 20888 кВт-сағатын жұмсап, 14300 кВт-сағат үнемделді. Суды да 959 м³ үнемделді. Ал жеті ай ішінде жоспар бойынша 5450 м³ болса, нақты 5010 м³ тұтынып, 440 м³ су үнемделді», – деді бас инженер М.Мырзахметов.

Сондай-ақ станцияда еңбек жағдайларын жақсарту бойынша кешенді іс-шаралар орындалып жатыр екен. Осы жылға арналған қаражатты игеру бойынша солтүстік коммерциялық бақылау пункті, вагон жылдамдығын реттеу, тауар кенесі, №2 сигналдық бекет, арнайы сүт беру бөлмесіне бес тоңазытқыш алынған. МРЦ-2 бекеті, дөңес бекеті, маневр пункті-1 бекеті, дөңес кезекшісі, парк кезекшісі кабинеттеріне салқындатқыш кондиционер орнатылыпты. Бұларды сатып алуға 1051632 теңге көлемінде қаржы қарастырылып, толық игеріліпті.

Ал өндірістік жарақаттануға келсек, Арыс станциясы бойынша теміржолшының кенеттен денсаулығы нашарлаған бір жағдай орын алды. Бұл жағдай ҚР Еңбек кодексінің 186-бап 3-тармағының 4-тармақшасына сәйкес жазатайым оқиға ретінде есепке алынбайды.

Станцияның бас инженері теміржолшылардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша «Қауіпсіздік күні» аясында 36

бұзушылық анықталғанын, оның ішінде станцияның 9 қызметкерінің төртеуіне ескерту, бес қызметкерге сөгіс беріліп, тәртіптік жауапкершілікке тартылғанын айтты.

Бұдан бөлек, Арыс станциясында жұмысшылардың еңбек қауіпсіздігі мәселелері бойынша 232 адамдық білімін қайта тексеріп, оқытып, электр қауіпсіздігі бойынша 210 адам білімін көтерген. Станцияда жаңадан жұмысқа келген 18 адаммен ай сайын техникалық сабақтар және әрбір 45 күн сайын қайталама нұсқама жүргізіледі екен.

Сонымен қатар, кестеге сәйкес станция басшылары 53 кенеттен тексеру жүргізіпті. Станция басшылары көбіне технологиялық процестерді орындау кезінде қызметкерлердің қауіпсіз еңбек тәсілдерін сақтауын, жұмыс орындарында жеке қауіпсіздік техникасын және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету, қауіпті жұмыс орындарын қоршау, қызметтік өту маршруты, ескерту белгілерінің болуын қадағалау. Қауіпсіздік техникасы ережелерін, лауазымдық нұсқаулықтарды бұзғаны үшін жеті ай ішінде кенеттен тексеру нәтижесінде 14 қызметкерге ескерту беріліп, тәртіптік жауапкершілікке тартылған. «Жолдағы адам» ақпарат жүйесі бойынша жыл басынан бері ешқандай бұзушылық тіркелмеген.

Жыл басынан бері Арыс станциясы бойынша еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша үш айлық өткізілген.

*Суретті түсірген автор***БОЛАШАҚТАН БАСТАЛДЫ**

Маңғыстау теміржолында күзгі комиссиялық тексеріс Түркіменстанмен шекарадағы станциядан басталды. 13 қыркүйек күні күзгі тексерісті жүргізу мақсатында Маңғыстау қосалқы бөлімшесінің бастығы Нәжімеден Ғұбашов бастаған комиссия Болашақ станциясына аттанды.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Комиссия құрамында жол және магистральдық желі бөлімше басшыларынан басқа ревизорлар, инженер мамандар мен бөлім басшылары бар. Олар өз салалары бойынша станциядағы барлық мекемелерді аралап, жұмыстарына тексеріс жүргізіп, қысқы мерзімге дайындығын көрді. Болашақ станциясы мен станцияда орналасқан ПЧ, ШЧ, ЭЧ, Теміржолсу, ТҚКП, вокзал, өрт сөндіру пойызы, теміржол күзеті сияқты мекемелер нысандарының жағдайы, қысқа дайындығы, іс жүргізу барысымен танысты.

– Комиссия станция жолдарын, бағыттама бұрмаларын, бағдарламаларды, жарықшамдарды, жылуудың берілуі, жұмыс тәртібін жан-жақты қарап, тексерді. Кейбір жұмыстарға қатысты ескертулер мен тапсырмалар да берілді. Енді сол аталған кем-кетікті жою үшін жұмыстанамыз. Жалпы, жылда өтетін бұл байқаудың маңызы зор, – дейді Болашақ станциясының бастығы Мақсат Нұрбеков.

Болашақтан шыққан комиссия бағытты Өзен станциясына бұрды. Бұл сапар Маңғыстау-Болашақ-Өзен-Маңғыстау бағытындағы станция, бекеттер мен мекемелерді күзгі байқаудан өткізу жоспарланған. Ал қыркүйектің 20-нан Маңғыстау-Құлсары-Тассай-Оазис-Маңғыстау бағытында байқау өтеді.

ЗАДАЧА – ОБЕСПЕЧИТЬ ЭФФЕКТИВНУЮ РАБОТУ



ОСМОТР

Надежда НОВИЦКАЯ,
Кокшетау

Безусловно, одним из важных мероприятий в преддверии зимы в локомотивном хозяйстве является осенний комиссионный осмотр, который в этом году проходит с 10 сентября по 30 октября.

– За это время железнодорожники должны успеть перевести узлы и системы локомотивов на зимний режим работы в соответствии с действующими нормативными документами, а также проверить их техническое, противопожарное и культурное состояние. Для обеспечения последнего во всех 3-х эксплуатационных депо составлен отдельный список тягово-подвижного состава, требующих полной и частичной покраски кузова, – рассказывает начальник оперативно-распорядительного отдела Расул Буратаев.

Чуть ранее, а именно с 1 по 10 сентября, во всех ТЧЭ стартовал осенний комиссионный осмотр производственных и служебно-технических зданий. В его рамках к работе зимой были подготовлены производственные здания, в числе которых административно-бытовые комплексы, санитарно-технические здания, здания цехов эксплуатации и дежурного по депо, учебные корпуса, кабинеты технического обучения и охраны труда, кабинеты психологической разгрузки, здания баз запаса, а также клубы, красные уголки и склады.

Проверке и предварительному испытанию подверглись в эти дни и отопительные системы депо: котлы и связанные с ними устройства и оборудование. На сегодняшний день их готовность по всем ТЧЭ составляет 100%. В этот же период работники, обслуживающие отопительные системы, вновь прошли проверку на знание действующих правил и инструкций. Кроме того, полностью проведена работа

Несмотря на то, что еще стоит осень, на всех предприятиях железной дороги полным ходом идет подготовка к работе в зимний период. Локомотивное хозяйство Акмолинского региона также уделяет особое внимание готовности тягово-подвижного состава к работе при низкой температуре, снегопадах и метелях.



по проверке и приведению в исправное состояние оборудования для борьбы с обледенением контактного провода на

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКИ ПЕРЕВОДЯТ УЗЛЫ И СИСТЕМЫ ЛОКОМОТИВОВ НА ЗИМНИЙ РЕЖИМ РАБОТЫ, А ТАКЖЕ ПРОВЕРЯЮТ ИХ ТЕХНИЧЕСКОЕ, ПРОТИВОПОЖАРНОЕ И КУЛЬТУРНОЕ СОСТОЯНИЕ. ВО ВСЕХ 3-Х ЭКСПЛУАТАЦИОННЫХ ДЕПО СОСТАВЛЕН ОТДЕЛЬНЫЙ СПИСОК ТЯГОВО-ПОДВИЖНОГО СОСТАВА, ТРЕБУЮЩИХ ПОЛНОЙ И ЧАСТИЧНОЙ ПОКРАСКИ КУЗОВА

электроподвижном составе (вибропантографы) к эксплуатации в зимний период. Таким образом, предзимнюю подготовку прошли все вибропантографы по ТЧЭ-9 и ТЧЭ-11.

Помимо подготовки техники и оборудования, специальные инструктажи проходят и перевозчики, которые впервые встречают зиму, работая в локомотивном хозяйстве. До ее прихода молодым специалистам необходимо узнать и изучить навыки и особенности работы при низкой температуре и снегопадах. В план технических занятий включены темы по эксплуатации и подготовке тягового подвижного состава в этот период: порядок прогреть тягового электродвигателя перед постановкой локомотива в теплый цех, порядок сушки тяговых двигателей на канаве, порядок расхолаживания водяных систем тепловозов и другие.

Несмотря на это, в целом в филиале ТОО «КТЖ-Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» уверены, что за счет своевременного выполнения основных организационно-технических мероприятий, в зимний период неприятных сюрпризов не будет.

Фото автора

ПРИЛОЖЕНИЕ В ПОМОЩЬ



ТЕХНОЛОГИИ

Светлана МОГАЙ,
Караганда

Специальное мобильное приложение может скачать любой житель города. Благодаря ему, можно без особого труда отслеживать свои железнодорожные и авиа маршруты.

По словам начальника железнодорожного вокзала г. Караганды Шерхана Несіпбек, зачастую люди не могут дозвониться в

На Карагандинском железнодорожном вокзале будет запущена программа Darman.



справочное бюро, чтобы задать оператору интересующий его вопрос из-за перегруженности линии.

– В таких случаях на помощь пассажирам приходит приложение Darman, которое легко можно установить на любой

смартфон. После этого наши клиенты могут чувствовать себя спокойно, так как точно будут знать – вовремя ли прибудет поезд или с опозданием, и на каком пути он будет находиться. Безусловно, это приложение облегчит задачу многим пассажирам, – говорит он.

Перед входом на железнодорожный вокзал и в зале ожидания планируется разместить аншлаги с инструкциями, а консультировать людей будет специально обученный человек.

– В наш век цифровых технологий такая программа важна для людей. Ведь каждый из нас ценит свое время, а также удобство и комфорт. С этими составляющими по жизни будет идти легко, – заключает Шерхан Несіпбек.

Фото автора

«АЛЛО, ГОВОРIT ДОСТЫК!»



КАК ЖИВЕШЬ, СТАНЦИЯ?

Казахстан и Китай продолжают проводить целенаправленную работу по привлечению дополнительных объемов грузов через пограничный переход Достык - Алашанькоу. На станции постоянно проводится работа по вопросам сотрудничества между двумя железными дорогами, организации движения, задачи в сфере вагонного хозяйства, контейнерных перевозок



Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматинская область

Если говорить о станции Достык, то огромная роль отводится конторе передач, которая обеспечивает: прием и обработку перевозочных документов экспортных грузов, формиро-

вание пакета перевозочных и сопроводительных документов для передачи грузов в КНР.

Работа эта трудоемкая и требует пристального внимания. В конторе передачи трудятся люди, многие из которых работают с момента открытия станции Достык. К примеру

начальник конторы передачи Галия Кошимбаева, агент по передаче грузов Вячеслав Васюк, сторожилами можно назвать и заместителя начальника конторы передачи Куралай Мухамедиеву, товарных кассиров Ольгу Добрыдневу, Жазиру Медетову, Кулимхан Ербосынову, агента по передаче грузов на пограничной станции Куралай Битанову. Все эти люди своим ежедневным трудом вносят лепту в развитие станции и организации перевозок.

План на смену составляется руководством станции. В фактическое положение станции входит рабочий парк вагонов, который включает в себя: подход поездов на предстоящую смену, количество принятых и отправленных составов на Разъезд 19 км, количество принятых со

станции Алашанькоу и отправленных поездов (отдельно по колее 1435 мм и по 1520 мм), количество вагонов находящихся под грузовыми операциями и готовых к отправлению. Итоги выполнения сменного плана рассматриваются по истечении дежурства заместителем начальника станции по оперативной работе.

Контроль над выполнением плана по станции Алашанькоу осуществляет Служба международных перевозок Урумчуйской железной дороги, а по станции Достык – НОД-7, при этом посредством телефонной связи или электронной почты стороны обмениваются информацией.

ТОО «КТЖ-Грузовые перевозки» и Урумчуйская железная дорога обеспечивают на пограничных станциях создание необходимых мощностей для перегруза внешнеторговых грузов, а начальники станций – их своевременный перегруз.

В случаях проявления стихийного характера: аварий, вызывающих перерыв движения поездов, объявления карантина, а также отказа в приеме грузов, действие сторон определяется соответствующим соглашением между ТОО «КТЖ-Грузовые перевозки» и Урумчуйской железной дороги.

Фото автора

УСКОРЕНИЕ ДВИЖЕНИЯ ГРУЗОВ

Айлин БАУРЖАН,
Нур-Султан



ТРАНЗИТ

Вице-министр индустрии и инфраструктурного развития РК Берик Камалиев с рабочей поездкой посетил Алматинскую область. В ходе визита он ознакомился с ходом реализации транспортных проектов агломерации города Алматы и Алматинской области.

В частности, он ознакомился с деятельностью станции Достык, где провел выездное совещание с участием представителей местных исполнительных органов, АО «НК «КТЖ», частных грузоотправителей.

В рамках совещания были рассмотрены вопросы модернизации участка «Достык – Мойынты», прием и передача грузовых поездов, а также вопросы сдачи грузов в направлении КНР. К слову, перевозка грузов между двумя странами с начала года показывает положительную динамику: железнодорожным транспортом – 14,4 миллиона тонн, в том числе контейнерные перевозки – 579 тысяч ДФЭ.

Напомним, развитие участка Достык – Мойынты – часть масштабного проекта по модернизации железнодорожного транспортного коридора Достык – Актогай – Мойынты – Жарык – Жезказган – Саксаульская – Кандыагаш – Актобе – Илецк.

Проект осуществляется в рамках госпрограммы инфраструктурного развития «Нұрлы жол» на 2020-2025 годы и отвечает стратегическим задачам по развитию национальной сети железных дорог Казахстана. Благодаря его реализации увеличится скорость движения поездов, пропускная и провозная способность основного транзитного коридора Казахстана по маршруту Китай – Европа.

РЕМОНТ ИДЕТ ПО ПЛАНУ

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



АКТУАЛЬНО

В Костанайском регионе успешно завершаются ремонтные работы на сетях ТОО «Темиржолсу-Костанай». По словам директора ТОО «Темиржолсу-Костанай» Бексултана Шакирова, нынешним летом проведен капитальный ремонт участка водопровода протяженностью более 1,3 километра на водных сетях станции Костанай.



Также на станции Костанай будет установлен и запущен в эксплуатацию передвижной автономный компрессор марки «Chicago Pneumatic CP55» и 2 дизельные электростанции открытого типа марки «GF2-W62» мощностью 50 кВт. Современное оборудование позволит более быстро, качественно и энергоэффективно перекачивать воду. Кроме того производится и текущий ремонт сетей «Темиржолсу-Костанай».

– Конечно, в нынешнем году объем ремонтных работ несколько меньше, чем в прошлом, – говорит Бексултан Шакиров. – Но в любом случае, мы не стоим на месте. Производимые работы делают водоснабжение безопасным, что особенно важно в зимний период. Да и сама вода станет чище, качественнее. Ведь мы снабжаем водой не только население близлежащих улиц, но и многие организации, железнодорожные предприятия, а также производим экипировку (заправку водой) пассажирских поездов.

Фото автора

ГОТОВЫ К ХОЛОДАМ

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск



ПОДГОТОВКА К ЗИМЕ

С 20 сентября на территории Семейского отделения грузовых перевозок начнется осенний комиссионный осмотр. Он пройдет в течение четырех дней.

Еще 1 сентября директор филиала Семейского отделения грузовых перевозок Съезбек Алишев утвердил график, согласованный с директором Семейского отделения магистральной сети Айдыном Шаукеевым.

Согласно графику осмотр в филиалах АО «НК «КТЖ» и ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» начался 6 сентября на участке Актогай-Аягоз. На участке Аягоз-Жангиз-Тобе комиссия провела ОКО 7 сентября, а 8 сентября – Жангиз-Тобе-Шар. Уже 9 сентября она побывала на участке Дегелен-Жалпак. На отрезке Семей-Локоть, исключая оба конечных пункта, осмотр прошел 10 сентября.

20 сентября комиссия осмотрит участок Семейского региона Локоть-Шемонаиха. Затем, 21 сентября на очереди участок Шемонаиха – Семей-1 – Алтай-Новоустькаменогорск – Усть-Каменогорск.

22 сентября проверку посетит участок Алтай – Кумистау – Семей-1, а 23 сентября – участок Семей-1-Риддер-узел Семей-1. Таким образом, в этот день ОКО закончится в Семейском регионе. По плану 24 сентября комиссия прибудет с проверкой на участок Аягоз – Шар, а завершится осенний комиссионный осмотр на узле Семей, Жана-Семей. Подведение итогов осмотра состоится 7 октября в Семейском отделении грузовых перевозок.

№75 (2683) 17/09/2021

Өшпес мұра

Ақын Дарқанбаева – қазақ қыздары арасынан шыққан санаулы машинистің бірі. Ақтөбелік ардагер теміржолшы Александр Алпысбаев аймақта локомотив тізгіндеген жалғыз қазақ қызы туралы айтып берді.



ОТАРБА ТІЗГІНДЕГЕН ҚАЗАҚ ҚИЗИ

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

«Қазақстан темір жолы тарихында есімі алтын әріппен жазылып қалатын тұлға Ақын Дарқанбаеваның аты, өкінішке орай, ұмытылып барады. Қазақ теміржолы тарихында өшпес із қалдырған, қазақтың тұңғыш машинист, орденді қызының есімін ұлықтау – бүгінгі жас буынның парызы», – дейді Ақтөбе локомотив пайдалану депосының ардагерлер кеңесінің төрағасы Александр Алпысбаев.

Сонымен, қазақ қыздарының арасынан шыққан машинист қыз кім еді? 1925 жылы Ойыл ауданының №5 шаруа ауылында теміржолшы Дарқанбай Ниязалиннің отбасында дүниеге келген қыздың еңбек жолы 1942 жылы Никельтау жол дистанциясында 17 жасында басталыпты. Әкесі 1940 жылдары Никельтау станциясына көшіп келіп, сол жылдары салынып жатқан «Орск-Никельтау» теміржолының құрылысын салуға атсалысады. Ол үш жылдай жолшы болып, бел шешпей ауыр қара жұмыста еңбек еткен Ақын қыз жеңістен соң елге оралған жауынгер Жұма Аймағанбетов есімді азаматпен бас қосып, Шалқар станциясына көшеді. Сондағы паровоз депосына жұмысқа орналасып, слесарь мамандығын игереді. Қайсар қыз 1952 жылы Қазалы техникалық мектебіне барып, паровоз машинистінің көмекшісін даярлайтын курсты бітіріп, Шалқар локомотив депосында паровоз машинистінің көмекшісі болып жұмыс істейді. 1959 жылы Қарағанды қаласындағы тепловоз машинистерін даярлайтын курсты бітіргесін бірінші класты тепловоз машинистінің көмекшісі деген атақ беріледі. Сөйтіп, өңірде алғашқылар қатарында тепловоз тізгініне отырған қазақ қызы еңбек жолын Ақтөбе локомотив депосында жалғастырды. Бірінші класты тепловоз машинистінің көмекшісі болып, одан кейін маневр тепловозының машинисті болып зейнет демалысына шыққанға дейін еңбек етеді. КСРО Жоғары Кеңесінің жарлығымен Ақын Дарқанбаева 1960 жылы 7 наурызда ең жоғарғы үкімет наградасы – Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. Түрлі дәрежелі Құрмет грамоталары мен медальдардың иегері атанды. 1994 жылы желтоқсан айында 69 жасында өмірден өтті.

РИСУНКИ НА ВАЖНУЮ ТЕМУ



В филиале ТОО «КТЖ - Грузовые перевозки» - «Акмолинское отделение ГП» подвели итоги детского конкурса на лучший знак или плакат по безопасности на железной дороге.

Надежда НОВИЦКАЯ,
Кокшетау

В рамках месячника по безопасности «Железная дорога – зона повышенной опасности» железнодорожники провели конкурс детских рисунков, направленный на предупреждение случаев травмирования несовершеннолетних на объектах инфраструктуры железнодорожного транспорта. Таким образом, они призвали учеников отразить полученные знания на холстах.

– Особую благодарность выражаем профсоюзному комитету Акмолинского отделения ГП за участие, а также внесение своего вклада в воспитание подрастающего поколения и развитие культуры безопасности на железнодорожном транспорте. Приятно осознавать, что такие мероприятия находят широкую поддержку среди детей работников железнодорожного транспорта, – отметил главный инженер Сайран Баржақкин.



инженер Сайран Баржақкин.

На суд жюри поступило рекордное количество работ – более 30 рисунков. Определить победителей было очень непросто. Поэтому в 3 возрастных категориях были выбраны несколько победителей

Первые места присуждены трем участникам – Михаилу Тарасенко, Ивану Ворожейкину, Әділ Сексенбаю. Вторые места – Диане Шайкиной, Шыңғысу Халықову, Милане Бабылевой. А третьи места заняли Жандос Жумабек, Чингиз Умурзаков, Айлана Нурхайдарова.

По итогам конкурса участники награждены дипломами, грамотами и тематическими памятными подарками с напоминанием о том, как важно соблюдать правила безопасности на железной дороге.

Фото автора

ТЕМІРЖОЛШЫ ЕСІМІ ҰЛЫҚТАЛДЫ



Қызылорда қаласының солтүстік бөлігіндегі «Шанхай» тұрғын ауданында даңқты теміржолшы Ізбас Байбосынов тұрған үйге ескерткіш тақта ілінді. Салтанатты шараға қатысқан теміржолшылар мен ардагерлер ел басына күн туған қиын-қыстау жылдары жанқиярлықпен еңбек еткен Ленин орденді жерлері туралы естеліктерімен бөлісті.



Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

1901 жылдың наурыз айында Бірқазан станциясында шаруа отбасында дүниеге келген Ізбас Әбідраманұлы осы ауылда бес кластық білім алып, станциядағы жол жөндеу мекемесіне 1918 жылы жұмысшы болып қабылданған екен. Ақтар мен қызылдар алма-кезек алмасып келіп-кетіп жатқан азамат соғысы жылдары да табан аудармай 12 жыл еңбек етеді. 1930 жылы Қызылорда паровоз депосына слесарь болып ауысыпты. Бірнеше жылдан соң қабілетті жігітті басшылық Ташкентке оқуға жіберіп, кондукторлар даярлайтын екі жылдық курсты бітіреді. 1934 жылы өз мамандығы бойынша бас кондуктор қызметіне ауыстырылады. Қыстың қақпаған суығына, жаздың аптап ыстығында жүк пойыздарына ілесіп жүріп, түнде май шаммен, күндіз жалауша көтеріп кондуктор

болу өте ауыр, қиын жұмыс еді. Ізбас атамыз ҰОС кезінде де броньмен майданнан қалдырылып, жұмысын жалғастыра береді. Кеудесі орден-медальға толған теміржолшы 40 жылдан аса еңбек етті.

– Ізбас ақсақалдың аймақ теміржолының жұмысына қосқан үлесі ерекше, кондуктор болу деген ол кезде жігіттің жігіті шыдайтын, екінің бірі төтеп бере алмайтын ауыр жұмыс болған. Ол кезде жоғары марапат алу қарапайым теміржолшы үшін сирек ұшырасатын жағдай болған, ал бүл кісі өз заманының барлық марапатын иеленген, – деп естелік айтты тақтаның ашылу салтанатында теміржолшы ардагерлер кеңесінің төрағасы Сисенбі Шермаханов.

Қызылорданың мақтанышы болған даңқты теміржолшы Ізбас ақсақалдың ізбасарлары бүгінде ата жолын жалғап, өнегелі ісін әрі қарай жалғастыруда.

Суретті түсірген автор



В Павлодарской области прошел чемпионат РК по легкой атлетике среди ветеранов. В спортивном состязании приняли участие и железнодорожники из Нур-Султана, Семей, Караганды, Борового.

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

НЕКОГДА СТАРЕТЬ!

Масштабное спортивное мероприятие, собравшее порядка 134 участников, состоялось на центральном стадионе «Трактор» и в ПГУ имени С. Торайғырова. В чемпионате принимали участие пенсионеры и действующие работники различных организаций, в том числе АО «НК «КТЖ».

В общем командном зачете Павлодарский регион занял первое место. Правда, железнодорожники Павлодарского Прииртышья в этот раз не принимали участие.

– С 2016 года соревнования среди ветеранов в области не проводились из-за отсутствия

финансирования. Хотю отметить, что чемпионаты по легкой атлетике среди ветеранов всегда организовывал Павлодарский регион. В этом году федерация решила продолжить развитие ветеранского движения. Спортсмены приехали на мероприятие за свой счет, за что мы им очень благодарны! – сказал бронзовый призер Всемирных Олимпийских игр в Австралии, чемпионата мира в Бразилии, восьмикратный чемпион Азии Виктор Бондарь. Спортсмены пробыли свои силы в беге, прыжках, метании ядра, диска, молота, смешанных эстафетах. Один

из них - Талгат Рахимбаев. Он работает инструктором спорта на станции курорт Боровое Акмолинского отделения дороги. В прошлом - кандидат в мастера спорта СССР по боксу. Был бронзовым призером Всесоюзного турнира по боксу в городе Курган. Кроме того, он - чемпион летних и зимних спартакиад АО «НК «КТЖ». – Стоит отметить, что организация мероприятия на высшем уровне. Приятно соревноваться на новых стадионах, где есть все условия. Отдельная благодарность павлодарцам за радушный прием, – сказал Талгат Рахимбаев. – Я участвовал в беге, но в этот раз не удалось занять призовое место, пришел четвертым. Соперники очень

сильные, несмотря на возраст, они большие молодцы! Большое счастье, когда видишь пенсионеров, занимающихся спортом. Мои дети тоже занимаются спортом. Сын Даулет – мастер спорта международного класса, серебряный призер чемпионата мира по лыжным гонкам, дочь тоже активно занимается спортом. Как отметил Виктор Бондарь, в этом году на чемпионат РК по легкой атлетике среди ветеранов многие не смогли приехать из-за пандемии. Спортсмен уверен, что в Павлодарском Прииртышье на следующий год соберутся ветераны со всего Казахстана и примут участие в чемпионате.

Фото автора

ЖЫЛЖЫМАЛЫ КЕШЕН КЕЛДІ



Маңғыстау вокзалына келген жолаушылар ковидке қарсы екпе аламын десе бұл қалауына алысқа ұзамай-ақ қол жеткізе алады. Ол үшін медициналық мекемеге барудың да қажеті жоқ, пойыздан түскен бойда вакцина салғызуға болады.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау



Қыркүйек айының 9-нан түбек теміржолының Маңғыстау вокзалы алдына жылжымалы медициналық кешен келіп жайғасты. Жергілікті халық пен арты бері жолаушылардан екпе алу үшін осында келіп жатыр екен. Алғашқы күні егу пунктін қызметіне жүгінгендерге қалаулары бойынша екі дозалық бір флакондағы «Сино-Verocell» вакцинасы салыныпты. – Теміржол вокзалының алды адам көп жүретін және теміржолмен жолаушылар келіп-кетіп жататын орын болғандықтан халыққа ыңғайлы болу үшін жылжымалы кешенді осында орналастырдық. Бастапқы жоспар бойынша мұнда бір апта боламыз. Ал егер екпе алушылар саны көп болып, халықтың сұранысы артып жатса, вакцинациялау жұмысын одан әрі қарай да жалғастырамыз. Сондай-ақ, қажеттілік болып жатса, шалғайдағы бекеттерге, теміржол мекемелеріне мобильді бригада шығаруға да болады. Жылжымалы егу пунктіне үш адам бекіткенбіз. Оның біреуі дәрігер болса, екіншісі медбике және бір тіркеуші қызметкер бар, – дейді бұл туралы ақпарат берген Мұнайлы аудандық ауруханасының директоры Жанар Досжанова.

Маңғыстау бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Ағзия Темірқасованың айтуынша, кешеннің ішінде вакцинаны сақтауға жағдай қарастырылған. Екпе мұнда термомониторинг жеткізіліп тұр.

Суретті түсірген автор



Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Нур-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұл көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000

Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су келігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, С. Бакесова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосым Мұқаншев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жаная Сыдықбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Жамбыл: Асқат Райқұлов 8-700-330-01-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Кудабаяв 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубайева 8-702-843-27-97
Көкшетау: Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:
Нур-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі б.

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.